

**«8D02205 – Археология және этнология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін
Г.И. Ишкалованың «Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы:
тарихи-этнологиялық зерттеу (XVIII ғ. – XX ғ. басы)»
атты тақырыпта дайындаған
диссертациясына пікір**

Докторант Г.И. Ишкалованың «Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы: тарихи-этнологиялық зерттеу (XVIII ғасыр – XX ғасырдың басы)» тақырыбы этнографиялық тұрғыдан терең зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі күні барлық халықтар материалдық емес мәдени мұра ретінде жойылып кеткен шаруашылықтарын ұлттық болмыс пен бірегейлігінің көрсеткіші ретінде зерттеу, сақтау, қорғау, насихаттау және жаңғыртуға тырысуда. Дәстүрлі аңшылықты бұрынғысынша шаруашылық түрінде ғана емес, ұлттық тарихымызды таныту және аңшылық туризмін дамытуға ерекше назар аударылуда. Осы бағытта арнайы заңдар мен тұжырымдамалар негізделді. Өйткені, қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы көшпелі өмір жағдайы мен табиғи ландшафтқа бейімделе отырып қалыптасып, қосалқы шаруашылықты құрады және қазақтың тұрмыс-тіршілігінде ерекше орын алды. Сондықтан да көптеген зерттеуші, саяхатшыларды қызықтырып, бірқатар еңбектерге арқау болды. Осы тұрғыдан алғанда аталған тақырып өзекті болып табылады.

Гульбану Исмагуловна бірнеше жыл І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде оқытушы қызметін атқарған кәсіби біліктілігі жоғары, білімді маман. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде еңбекқор, ұқыпты, орындаушылық қабілеті жоғары ізденуші ретінде ерекшеленді. Сонымен қатар бүгінгі күні өткізіліп жатқан «Сонар-2020» және «Сонар-2021» аңшылық сайыстарына да қатысты. Нәтижеде «Қазақстандық «Салбурын» федерациясы» қоғамдық бірлестігінің Жетісу облыстық филиалының президенті болып тағайындалды. Зерттеуші жұмыс жоспарына сәйкес алдыға қойған мақсаттарына жетіп, міндеттерді орындады. Осы деңгейге лайықты деп ойлаймын. Зерттеу мәселесін терең біледі. Ғылыми конференцияларға қатысып, мақалалар уақытында шығарылды.

Зерттеуші Г.И. Ишколова осы тақырыпты зерттеу барысында Алматы, Ақтөбе, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Түркістан және Жетісу облыстарында арнайы далалық экспедициялар жүргізіп, дәстүрлі аңшылықтың сақталуы мен сабақтастығы мәселелерін зерттеді. Тақырып бойынша жазба, археологиялық, ауызша деректермен қатар әлі күнге дейін жарияланбаған архив құжаттарын да пайдаланып, жұмыстың құндылығын арттырды. Ал, зерттелу деңгейін

қарастыруда ортағасырлық авторлардың, патшалық үкімет тұсындағы, кеңестік және отандық зерттеушілердің еңбектері негізделді. Методологиялық тұрғыдан А. Хайндмурдың рационалды таңдау, С.В. Лурьенің құрылғы және тіршілікқамы теориялары қазақ халқының көшпелі өмір жағдайына аңшылықты бейімдеуі, аталған шаруашылық түрінің мәнінің өзгеруі және қазақ тұрмыс-тіршілігіндегі орны айқындалды.

Бірінші тарауда тақырыптың зерттелу деңгейі, деректік қоры және аңшылықтың тарихы тарихи дамуда зерделенген. Яғни, қазақ даласын мекендеген тайпалардың бұрыннан аңшылықпен айналысқаны нақтыланды. Екінші тарауда қазақ аңшылығының типологиясы, тәсілдері, құрал-жабдықтары қарастырылып, тіршілікқамы жүйесіндегі орны ашылды. Осы ұлттық мұра және дәстүрлі шаруашылық саналатын аңшылықтың XIX ғасырда Ресейдің отарлау саясатының күшеюі, жер мәселесінің шиеленісуі, халықтың кедейленуі, көршілес елдермен сауда-саттыққа қазақтардың тартылуы нәтижесінде аңшылық трансформацияға ұшырап, сауда, айырбас көзіне айналып, дәстүрлілігінің жойылуы ашылды. Үшінші тарауда материалдық емес мәдени мұра ретінде аңшылыққа байланысты салт-дәстүр, ауыз әдебиетіндегі көрінісі, этномедицина қарастырылды.

Докторант осы күнге дейін әлі жасалмаған «XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстанның аңшылық алқаптары» атты карта құрастырып, ҚР авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік алды; «XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстанның аңшылық алқаптары» атты интербелсенді карта құрастырды; «Патша-жолбарыс» атты ғылыми-танымдық көпшілік бейнематериал дайындады. Бұл инновациялық бағытты құрайды.

Ишкалова Гульбанудың «Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы: тарихи-этнологиялық зерттеу (XVIII – XX ғасырдың басы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын жоғары бағалай отырып, оның PhD докторлық диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға жауап береді деп есептеймін және «8D02205 – Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші:
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,
тарих ғылымдарының докторы



Қалыш А.Б.

Қалыш А.Б.